

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/UTRW1712>

***Н. С. Олизько¹, Ш. А. Хамитова², А. С. Адилова³,
А. Г. Ибраева⁴**

¹Челябинск мемлекеттік университеті,

Ресей Федерациясы, Челябинск қ.;

^{2,3}Қарағанды Бөкетов университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

⁴М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

ҮНДІ-ЕУРОПА ТІЛДЕРІНДЕ ҰШЫРАСАТЫН ТҮРКІ СӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ

Бұл мақалада ағылшын тілінде және басқа да тілдерде кездесетін кірме сөздер мәселесі қарастырылады. Тілдік байланыстар лингвистикалық, мәдени және тарихи факторлардың өзара әрекеттестігінде байқалады және мәдениетаралық коммуникацияның маңызды процесі болып саналады. Мақалада тілдің түрлі тарихи сатылардан өтуі нәтижесінде және түрлі тілдердің арасында болатын кейбір дыбыстық сәйкестіктер мен дыбыстық алмасулар лингвистикалық өзгеріске әкеп соқтыратыны туралы айтылады. Тіл механизмі ретінде түрлі тілдерде белсенді қолданылатын түркі лексикалық элементтері ерекше назар аударуды талап етеді. Әрқилы объективті себептерге байланысты тіл сол жаратылған қалпында сақталып қалмайды, ол үнемі дамып, заман, қолданыс талабына сай азды-көпті өзгерістен тыс қала алмайды. Тілдердің мұндай тоғысуы халықтар арасындағы қарым-қатынас барысында туады. Ел мен елдің арасында болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени байланыстардың арқасында тілдер арасында алмасу, араласу басталады. Осындай байланыстардың нәтижесінде түркі кірме сөздерінің тек ағылшын тілінде ғана емес, шығыс славян тілдерінде де көп кездесетіні байқалады. Мақалада кірме сөздердің белгілі бір жүйенің әсерінен көптеген фонетикалық, грамматикалық, тіпті семантикалық өзгерістерге ұшырайтыны және осылайша берілген жүйенің фонетикалық, грамматикалық және семантикалық заңдарына бейімделетіні нақты мысалдармен

көрсетілген. Ассимиляция процесі терең болғаны соншалық, кірме сөздердің шығу тегі түркі емес тілдерде сойлейтіндерге сезілмейтіні және оны тек этимологиялық талдау арқылы ғана анықтауға болатыны нақтыланған.

Кілтті сөздер: кірме сөздер процесі, түркізміздер, ағылшын тілі, тілдік байланыстар, славян тілдеріндегі түркізміздер.

Кіріспе

Қолданыстағы кез келген тіл уақыт өте келе өзгереді. Тілдегі өзгерістер адам өміріне қарағанда жайырақ және білінбей өзгеріске түседі. Уақыттың ағымымен біз тілде болып жатқан өзгерістерді байқай қоймаймыз. Егер де теледидардан немесе радиодан хабар 500–600 жыл бұрынғы «өз тілімізде» беріліп жатса, біз оны түсіне алмас едік. Ауызша тіл жазбаша тілге ауысқаннан кейін, тілдік өзгерістер туралы ақпаратты алу үшін жазба деректерге сүйенеміз.

Тарих беттерін ақтаратын болсақ, мемлекеттер арасындағы шапқыншылық, сауда-саттық, саяси өзгерістер тілде кірме сөздердің пайда болуына өз әсерін тигізбей қоймағанын көруге болады. Кірме сөздер тілдердің сөздік қорын байытуға әртүрлі әсер етеді. Кейбір тілдерде олар лексикаға әсер етпеуі де мүмкін немесе бұл тілдің сөздік құрамына айтарлықтай өзгеріс әкелмеуі мүмкін. Кірме сөздер үдеріс ретінде әр тілге тән екені сияқты, ағылшын тілінің лексикалық құрамына да тән болғандықтан, бұл тақырып қашан да маңызды және өзекті болады, яғни бұл тұрғыда қарастыруға және зерттеуге материал жеткілікті [1].

«Тірі» тіл үнемі дамып отыратын құбылыс болғандықтан жаңа нәрсе келеді, орнығады, қажетсіз, артық нәрсе жоғалады, содан кейін лексикология саласында жұмыс істейтін ғалымдар үшін шешуді қажет ететін көптеген сұрақтар қалады. Белгілі бір тілде пайда болған сөздер өзге тілдерге таралғанда, өзге ортаға сөздермен бірге ол мәдениеттің элементтері де ауысып келеді. Олардың мағынасы да, формасы да көбінесе өзгеріске ұшырап жатады. Сөздердің бір тілден екінші тілге енуі «*loan words*» (кірме сөздер) деген терминмен анықталады. Бұл бір тіл екінші тілден өз лексикасына жаңа сөз немесе морфема қосқан кезде болады және көбіне тілдік байланыстан туындайды. Түрлі тілде сөйлейтін адамдар, әсіресе, көптілді немесе көптілді адамдар қарым-қатынасынан пайда болады. Негізі, бұл атау адасушылыққа әкеліп соғады. Сөздер өзінің иесіне қайтып келмейді, себебі өзге тілге ену процесі аяқталғаннан кейін, олар жаңа тіл мен жаңа мәдениеттің бейімделген бөлшегіне айналады [2].

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі материалдық қоры этимологиялық, шетелдік сөздер, түсіндірме, екі тілді, журналдың әртүрлі нөмірлерінің жеке мақалалары, отандық және шетелдік авторлардың жұмыстары, сондай-ақ көркем шығармадан үзінділер сияқты сөздіктердің әртүрлі көздерінен алынған.

Мақала жазу барысында отандық және шетелдік лингвист-ғалымдардың жазбаларын салыстыра-сараптау, тұжырымдау сынды ғылыми зерттеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау


Ағылшын тіліндегі көптеген кірме сөздер кейбір лингвистердің ағылшын тілі «гибридті тіл» болып табылатын өзіндік ерекшелігін жоғалтты деп айтуына негіз болып отыр. Кірме сөздердің тарихы қашан да қызықты. Олар кірген жүйенің әсерінен көптеген фонетикалық, грамматикалық, тіпті семантикалық өзгерістерге ұшырайды, осылайша берілген жүйенің фонетикалық, грамматикалық және семантикалық заңдарына бейімделеді. Ассимиляция процесі терең болғаны соншалық, мұндай сөздердің шетелдік шығу тегі ағылшын тілінде сөйлейтіндерге сезілмейді және тек этимологиялық талдау арқылы ғана анықталады.

Ағылшын тілінде қилы заманда, түрлі көлемде, сан алуан жағдайда енген кірме бірліктердің арасында түркі сөздері көп кездесетіні белгілі. Ағылшын тілінің лексикалық қорында түркі кірме сөздері қайдан жүруі мүмкін деуге себеп бар, өйткені Ұлыбритания түркітілді мемлекеттермен көрші де емес, діндері де, тілдері де бір-біріне ұқсамайды.

Мысалы, Британияға англсаксондар әкелген «tin» сөзі ағылшын этимологі Джон Уиклифтің (John Wyclif, English works) зерттеуі бойынша, қазақ тіліндегі «тиын, ұсақ ақша» деген ұғымға сәйкес келеді: *«tin» AS tin for slang sense of money, said to have been first applied to the thin-worn silver coinage of the 18 cent. Recalled in 1817, cf. Brass...»* Мұнда Дж. Уиклиф «tin» сөзінің қазіргі ағылшын тіліне «англсаксондар (ежелгі ағылшын) тілінен енгенін, ауызекі тілде ол «ақша» деген мағына беретінін, XVIII ғасырда «tin» атаулы ұсақ күміс ақша болғанын айтады. «Тиын» сөзі ежелгі түркі тілдерінде «металл», «темір» мағынасында қолданылғандығын қазақ тарихшылары да растайды. Бүгінгі күні «tin» сөзі ағылшын тілінде, негізінен, «қалайы», «консервіленген тамақты сақтайтын қалбыр» деген мағынада қолданылады. Бірақ ауызекі сленгіде «tin» сөзі «ақша», «байлық» деген мағынада да қолданылады. «Tin Lizzy» – «арзан автомобиль», «not worth a **tinker's** damn» – «құны көк тиын», «straight from the tin?» – «түпнұсқа», «жап-жаңа» деген фразеологизмдер де бар.

Британ ұлттық корпусы кітапханасында (British National Corpus) «tin» сөзі 1985–1994 жылдар аралығында 1932 рет қолданылғаны көрсетіледі [3].

1 – Диаграмма



Филология ғылымдарының докторы Ө. Ахметов «Ағылшын-саксондықтардың арғы тегі сақтар ма?» атты мақаласында ағылшын-саксондық Британия мен скандинавиялық Норвегия, Дания халықтарының тілдерінде де көзге ұрып тұрған түркі сөздеріне ұқсас лингвистикалық ұқсастықтарды байқауға болатынын жазады. Мәселен, түркі тілдеріндегі тіс, тіл, бел, белдік, елік, өгіз, сор (ащы), жер, сор (мұң), дала деген сөздер мен тура сол ұғымдарды білдіретін ағылшын және скандинав тілдеріндегі дәлме-дәл немесе ауыспалы метонимиялық баламалары ұқсас келеді. Салыстыратын болсақ:

1 – Кесте

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде	Норвег\дат тілдерінде
тіс	tooth (жекеше түрі)- teeth (көпше түрі)	tann/tand (метонимиялық атау, себебі тіс таңдаймен жапсарлас)
тіл	Tongue (қазақ тіліндегі таңдай деген сөздің түбірі бір)	tunge/tunge (метонимиялық атау, себебі тіл таңдаймен жапсарлас)
бел, іш	belly	belte
белдік	belt	belte/balte
елік (бұлан)	elk	elg
өгіз	ox	okse/okse

жер	earth	jord/jord
сор (ащы)	sour	sur
сор (мұн)	sorrow	sorge/sorg
дала, алқап	dale	dal/dal

Тағы да бір бейжай қалдырмайтын және лингвистикалық фактор ретінде қарастыруға болатын жайт мынау: норвег тілінде қазақ тілінің көптік жалғауына ұқсас: -г, -ег деген көптік жалғаулар бар. Мысалы: uge (апта) – uger (апталар); mened (ай) – meneder (айлар). Дат тілінде де зат есімдердің 75 пайызына -г немесе -ег көптік жалғауы жалғанады. Тек зат есім дауысты дыбысқа бітсе -г, ал дауыссыз дыбысқа бітсе -ег жалғанады. Алдыңғы екі тілмен туыстас швед тілінде де көптік жалғауға қатысты осындай заңдылық байқалады [3]. Демек, жоғарыда атап өтілгендей, сақтар мен скифтердің ағылшын-саксондар мен скандинавиялықтарға генетикалық жағынан бір табан жақын екендігі лингвистикалық тұрғыдан да айқын байқалады. Дәл осы тұрғыдан, яғни генетикалық және лингвистикалық тұрғыдан зер салсақ, осыдан 40 000 жыл бұрын Азиядан Америкаға қоныстанған байырғы америкалықтардың, яғни «үндістердің» де арғы тегі түркі өркениетімен сабақтас деп айтуға негіз бар. Демек, Солтүстік Америкадағы қорғандардың да о бастағы бастау бұлағы Еуразиядағы скифтер мен сақтардың қорған мәдениеттерімен тікелей сабақтас әрі тамырлас деп батыл айтуға әбден болады.

Этимологиялық сөздікте авторы, ағылшындық ақын Джеффри Чосердің (Geoffrey Chaucer, 1340–1400) «Кентербери әңгімелері» (The Canterbury Tales) атты поэмасынан үзінді келтіріп: «But ther-of sette the millere nat a tare» деген жолдағы «tare» деген сөздің төркініне үңіледі: «*tare plant, a small seed. Later (1388) in the sense of kind of vetch, and used in the second Wyc»* дейді. Яғни «таренін» майда дәнді дақыл екенін, оның англсаксондар тілінен енгенін, кейінірек, 1388 жылдардан бастап бұл сөздің бұршақ тұқымдас өсімдік «сиыр жоңышқа», «үйбидайық» деген мағынаға ауысқанын, «таре» туралы Тәураттың екінші *Уиклифт («used in the second Wyc»)* нұсқасында да жазылғанын айтады. Осы мағлұматтар «tare» сөзінің түп-төркіні қазақтың «тарысы» емес пе екен деп ойлауға себеп болады [2]. Ежелгі ағылшын тілінде «tare» /tar/ деп айтылған. Оның үстіне, екі тілдің де ежелгі қабатында масайтатын ішімдікті «booze» – алкогольді ішімдік дейді. Ал ол, негізінен, ашытқан тарыдан жасалады. «Booze» сөзі де ағылшын тіліне ежелгі герман, яғни саксон тілінен енген. Алтай макросемьясына кіретін моңғол тілінде де «дәнді дақыл» деген ұғымды білдіретін «тариа» деген сөз бар. «Tin» де, «tare» де ежелгі заманнан қолданыста келе жатқан сөздер екен [4].

Байқалып отырғандай, сыртқы формасы мүлде танымастай өзгерген мұндай түркі сөздері ежелгі ескерткіштерде көптеп кездеседі. Басқа тілге ауысқан түркі сөздерін тану, олардың контекстегі мәнін ашумен монолингв ғалымдар айналысып жүргендіктен, көптеген сөздердің этимологиясы бұрмаланады, ал ол өз кезегінде мәтінді түсінуге кедергі тудырады. Бұны О. Сүлейменовтің тәжірибесі айқын дәлелдейді. Ол «Тюрки в доистории» деген еңбегінде руналық таңбаларды талдай отырып, ағылшын тіліндегі «earth», «terra» деген сөздердің түркі тілдеріндегі «йер» (жер) сөзімен туыстас екенін дәлелдеп берді [5].

Қандай да бір тілге жаңа сөз енгенде сол тілдің тілдік қоры байи түседі әрі оның функционалдығы артады. Егер ол дәл сондай мағына беретін бір ескі сөздің орнын басса, тілге ешқандай пайда келмейді. Тілге енген жаңа сөз тілдің қызметін жақсартпа түседі.

Түрлі объективті себептерге байланысты тіл сол жаратылған қалпында сақталып қалмайды, ол үнемі дамып, заман, қолданыс талабына сай аздық-көпті өзгерістен тыс қала алмайды. Тілдердің мұндай тоғысуы халықтар арасындағы қарым-қатынас барысында туады. Ел мен елдің арасында болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени байланыстардың арқасында тілдер арасында алмасу, араласу басталады. Осындай байланыстардың нәтижесінде түркізмдердің көп кездесетін бір ортасы – шығыс славян тілдері. Ғалымдар Н. А. Баскаков пен В. И. Абаев генетикалық тұрғыдан байланысы жоқ түркі-славян тілдерінің ықпалдасуын келесі кезеңдерге бөліп қарастырады: 1 кезең – I–VIII ғғ. (Көне Русь мемлекеті Киев Русінің құрылуына дейін); 2 кезең – IX–XII ғғ. (Көне Русь мемлекеті Киев Русінің құрылуы); 3 кезең – XIII–XV ғғ. (моңғол шапқыншылығынан кейінгі уақыт); 4 және 5 кезеңдер – социалистік Қазан көтерілісінен кейінгі уақыт.

Осы кезеңдердің қай-қайсысында болсын, славян тілдеріне түркі элементтері ауысқаны сөзсіз, алайда олардың бәрі бірдей өзінің тарихи тұлғасын сақтап қалған жоқ, яғни формасы, дыбысталуы өзгеріп, реципиент тілдің заңдылықтарына бағынғаны байқалады. Ондай сөздерді тану, этимологиясын, семантикасын анықтау монолингвтер үшін, әрине, қиын екені белгілі. Ал билингв оқырман, зерттеуші мұндай элементтерге бірден назар аударып, олардың шығу тегін іздестіріп, түрлі фонетикалық, семантикалық трансформацияға түскенін дәлелдей алады. Тұрмыстық коммуникация барысында басқа тілдің сөзі екінші тілде сөйлеушілерге бұрмаланып естілетіні де шындық, мәселен, ұзақ жылдар бір лингвомәдени кеңістікте өмір сүрсе де, өзге тіл сөзінің дыбысталуын меңгере алмайтын коммуниканттар болатынын да естен шығаруға болмайды [6]. Ал бұл кірме сөздердің алғашқы, негізгі тұлғасының мүлде басқа болатынын, ұзақ процесс барысындағы трансформация оны танытпай тастайтынын көрсетеді.

Славян тілдеріндегі таныс бейтаныс сөздердің біразын алғаш көрсеткен О. Сүлейменов болды.

Ол өзінің «Аз и Я» кітабының жазылуы туралы естелігінде «Мен орыс жылнамалары мен жауынгерлік шежірелерінің қойнауына сүңгітім және «Жырдан...» түркі сөздерін бар деп жүргеннен әлдеқайда көп ұшыраттым. Сөз мәдениетіндегі түркі-славяндық, славян-түркілік этникалық байланыстардың осы ескерткіште көненің рухы, Евразия атмосферасы қалай айшықталғанын анық сездім мен. «Жырдың...» бір ғана тіл білетін ғалымдардың назарына ілікпей кеткен қырлары қос тілді меңгерген жазушы ретінде маған айқындала түсті, алайда «Жырдағы» түркізмдер деген тақырыптан бас тарттым» деп жазады [8].

«Жырда» әр кезеңдегі көшірме түрлерін байқауға болады. Көшірмеші түркі тілін білмегендіктен, сөздің түп мәніне мән берілмеген. Осы орайда көшірмеші тани алмаған түркі сөзі Всеволодтың лақап аты – «буйтур». «Жырда» кнэздің айбындылығына, батырлығына орай «буйтур» сөзі қолданылады. «Батыр» сөзінің этимологиясын ашқысы келген түркологтер үшін бұл – жаңалық (батур, боотур, богатур, богатырь), бұл сөз X ғасырда жазылған жырларда кездеспегендіктен, бұл сөз XI-XII ғасырдағы қыпшақ сөзі деп айтуға толық негіз бар екенін жазады жазушы [7].

Алайда орыс лингвисті В. А. Воронцовтың айтуынша О. Сүлейменов өзінің «Аз и Я. Жақсы ниетті оқырман кітабы» атты кітабында түркітану мәртебесін өзгертуге және «Жырда...» түркі субстратын табуға жігерлі әрекет жасады, алайда бұл әрекетті ғылыми әдіске емес, Сүлейменовтің ішкі түйсігіне негізделгендіктен сәтті деп санауға болмайды» деп жазды [9].

«Жырды...» зерттегенде зерттеушілер дәстүрлі түрде бірқатар маңызды әдіснамалық қателіктерге жол береді. Мәселен, тарихилық принципі «Жырдың...» негізін құрайтын дереккөздерді және Игорьдің жорығы туралы шежірелерді терең зерттеуді қамтиды. Сонымен бірге «Жырда...» көрініс тапқан қайғылы оқиғалар туралы хабарлаған негізгі ақпарат берушілердің этникалық құрамы әлі анықталмағаны айтылады. «Жырды...» құрастырған эпостың авторлары орыстілді деп санай отырып, зерттеушілер көптеген проблемаларға тап болады. Мысалы, «Жырда...» көптеген түркізмдердің пайда болу себебін түсіндіру өте қиын, олардың көпшілігі тіпті түркологтер үшін түсініксіз және ескі орыс әдебиетінің басқа ескерткіштерінде кездеспейді. Осындай түркізмдердің көптігінен «Жыр...» авторының этникалық тегі туралы сұрақ және қиын мәселелер туындайды.

Қазір «негізінде «Жырды...» түркілер жазды, содан кейін ол орыс тіліне аударылды, ал аударған тәжірибелі толмачтар емес, кездейсоқ адамдар болғандықтан, бұл ежелгі орыс әдебиетінің ескерткіші түркізмдерге толы

болды» деген пікір орнықты. «Жырды...» зерттегенде ерекше қызығушылық тудыратыны - түбегейлі өзгеше мазмұны бар жасырын түркізмдер.

Ары қарай «Жырда» «*Се уримъ кричатъ подъ саблями половецкыми*» деген жол бар. Монолингвист аудармашылар оны «се у Римъ» деп оқыған. Сонда немене, Кончак қыпшақтары Римге дейін барған ба? Енді Русь жерінен Рим деген қала іздей бастаған. Одан кейін Мәскеуді кезінде «третий Рим» деп атағанын еске түсірген. Одан да болмаған соң Переяслав княздігіндегі Римов деген қаланы еске түсірген. Ал, негізінде бұл «Уримъ» – кәдімгі түркі сөзі. Әйелдің өрім шашы. Қыпшақтар Игорь жорығынан кейін Руське қайта шапқанда әйелдердің шашын кескен, сөйтіп қорлаған» деп нақты топшылауларын дәлелдермен түсіндіріп берді [10].

О. Сүлейменов «Жырдағы» «Всеслав изъ Кіева дороскаше до куръ Тмуроканя» яғни жырдың көшірмешісі Мусин-Пушкин «кінәз Курскіден Тмуроканяға дейін шапқан», сондықтан «Куръ» сөзін бас әріппен жазған деп санайды деген сөзін жоққа шығарады. Жазушының айтуынша, бүгінге дейін ғылым Д. С. Лихачевтың «таңғы қораздың шақыруы» туралы айтып, «док куръ-қоразға дейін» деген аударманы қабылдайды. Бұл жерде әңгіме қораз туралы емес, тауық туралы «до куръ». О. Сүлейменов бұл сөзді басқа қырынан ұсынады. Түркі тілдерінде «кура» деген сөз бар (татарша-құра, қазақша-қора). Оның көне сөз екенін X-XI ғасырдағы түркі ескерткіштері дәлелдейді. Оның түбірі «құр» сөзі (құру, тұрғызу, қамал, құрама, қорған. Осылайша, О. Сүлейменов «Всеслав доскакал до стен Тмуроканя» деп аударады. Көшірмеші бұл сөздің көне мағынасын білмегендіктен, талдамай сол қалпында қолданғаны туралы жазушы оқырмандарға түсіндіреді [8].

Бұл туралы А. Мещерский «Слова, пришедшие из тюркских языков, попадали в древнерусский язык преимущественно изустным путем, но иногда отражались и в письменных памятниках собственно литературного жанра. Так, например, особенно замечен этот лексический пласт заимствований в «Слове о полку Игореве», встречаются слова тюркского происхождения и в летописях. Слова тюркского происхождения в древнейший период заимствовались русскими из языков многочисленных народностей, последовательно сменявших друг друга в качестве ближайших соседей восточного славянства с юго-востока» деп толықтыра түседі [11]. Шығыс халықтарының рухын көтерген «Аз и Я» кітабын қазір бүкіл ғылым әлемі мойындап отыр, тіпті кейбір көне тарихи сөздеріне берген түсініктемелерін ғылыми айналымға енгізгенін мақтанышпен айтуға болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, түркі сөздерін үндіевропалық сөздермен салыстырсақ, көптеген сөздердің түркі сөздеріне ұқсас екенін, бірақ алғашқы бейнесін жоғалтып өзгергенін байқауға болады. Мысалы, дат тілі грамматикасындағы

зат есімге дауысты дыбысқа бітсе –г, ал дауыссыз дыбысқа бітсе – ег жалғануы түркі тілдеріндегі зат есімнің көпше түріне өте ұқсас екені әлі зерттеуді қажет етеді. Кірме сөз ретінде түркі лексикасы генетикалық, географиялық тұрғыдан еш байланысы жоқ тілдерде де, саяси-мәдени, экономикалық байланыстары уақыт сынына төтеп берген көрші халықтардың тілінде де кездеседі. Әрине, екі топтағы тілдердегі түркі кірме сөздерінің саны мен қолданылу жиілігі бірдей емес әрі тұлғасы өзгеріске ұшырағаны заңды жайт, сондықтан олардың танылуы қиын, дегенмен тілдік түйсігі айрықша билингв немесе полилингв зерттеушілер мұндай сөздерді бірден байқап, этимологиясына назар аударатыны сөзсіз. Ал бұл кез келген тілдегі кірме сөздер қабатын нақтылауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Фромкин, В. В., Родман, Р., Хайамс, Н.** Тіл біліміне кіріспе [Мәтін]. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 586 б.
- 2 **Янсон, Т.** Тіл тарихы [Мәтін]. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 223 б.
- 3 **Ахметов, Ә.** Англо-саксондар кімдер? – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://egemen.kz/article/13334-anglo-saksondar-kimder>
- 4 Online Etymology Dictionary. – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://www.etymonline.com>
- 5 National Corpus. – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://www.english-corpora.org/bnc/>
- 6 **Адилова, А. С.** Жаңа әліпби және тіл мүддесі [Мәтін] // ҚарМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – №2. – Б. 20–26.
- 7 **Кенесбаева, Ү.** Ағылшын тіліндегі түркізмдер. – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/4385>
- 8 **Сүлейменов, О.** Аз и Я [Мәтін]. – Алматы: Жазушы, 1992. – 288 б.
- 9 **Воронцов, В. А.** Скрытые и явные тюркизмы в «Слове о полку Игореве». – Казань: Изд-во Института истории АН РТ, 2006. – 222 с.
- 10 **Қортабаева, Г.** Славян тілдері кеңістігіндегі түркізмдер. «Тамыр» журналы. – 2013. – № 37. – [Электронды ресурс] – Қол жеткізу тәртібі: <https://tamyrg.org/>
- 11 **Мещерский, Н.А.** История русского литературного языка. – Л: Издательство Ленинградского университета, 1981. – С. 282.

References

1 **Fromkin, V. V., Rodman, R., Harams, N.** Til bilimine kirispe [Introduction to Linguistics] [Text]. – Astana: Ulttyq aýdarma býrosy, 2018. – 586 p.

2 **Ianson, T.** Til tarıhy [Language history] [Text]. – Astana: Ulttyq aýdarma býrosy, 2019. – 223 p.

3 **Ahmetov, Á.** Anglo-saksondar kimder? [Who are the Anglo-Saxons?]. – [Electronic resource] – Access mode: <https://egemen.kz/article/13334-anglo-saksondar-kimder>.

4 Online Etymology Dictionary. – [Electronic resource] – Access mode: <https://www.etymonline.com>

5 National Corpus. – [Electronic resource] – Access mode: <https://www.english-corpora.org/bnc/>

6 **Adilova, A. S.** Jańa álipbı jáne til múddesi [The new alphabet and the interests of the language] [Text]. In Bulletin of the Karaganda university. Philology series. – 2018. – №2. – P. 20–26.

7 **Keńesbaeva, Ú.** Aǵylshyn tilindegi túrkızmder [Turkisms in English]. – [Electronic resource] – Access mode: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/43852010>

8 **Súleimenov, O.** Az ı Ia [Az and Ya] [Text]. – Almaty: Jazýshy, 1992. – 288 p.

9 **Voronzov, V. A.** Skry`ty`e i yavny`e tyurkizmy` v «Slove o polku Igoreve» [Hidden and explicit Turkisms “In the Word about Igor’s Army”]. – Kazan: Izd-vo Instituta istorii AN RT, 2006. – 222 p.

10 **Qortabaeva, G.** Slavian tilderi keńistigindegi túrkızmder [Turkisms in the space of Slavic languages]. In Journal of Tamyр. – 2013. – №37. – [Electronic resource] – Access mode: <https://tamyр.org/>

11 **Meshherskiy, N. A.** Istoriya russkogo literaturnogo yazy`ka [The history of the Russian literary language]. Leningrad: Izdatel`stvo Leningradskogo universiteta, 1981. – 282 p.

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

**H. C. Олизько*¹, *Ш. А. Хамитова*², *А. С. Адилова*³, *А. Г. Ибраева*⁴

¹Челябинский государственный университет

Российская Федерация, г. Челябинск;

^{2,3}Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда;

⁴Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,

Республика Казахстан, г. Петропавловск

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

О ТЮРКСКИХ СЛОВАХ, ВСТРЕЧАЮЩИХСЯ В ИНДОЕВРОПЕЙСКИХ ЯЗЫКАХ МИРА

В этой статье рассматривается проблема заимствованных слов, встречающихся в английском и других языках. Языковые связи наблюдаются во взаимодействии лингвистических, культурно-исторических факторов и считаются важнейшим процессом межкультурной коммуникации. В статье говорится о том, что некоторые звуковые совпадения и звуковые обмены, происходящие в результате прохождения языка через различные исторические стадии и между различными языками, приводят к лингвистическим изменениям. Особого внимания требуют тюркские лексические элементы, активно используемые в различных языках как языковой механизм. По объективным причинам язык не может сохраняться в прежнем состоянии, он постоянно развивается, не может оставаться вне времени, в соответствии с требованиями времени и применения. Такое переплетение языков рождается в процессе общения между народами. Благодаря политико-экономическим, культурным связям, происходящим между странами, начинается обмен, общение между языками. В результате таких связей становится очевидным, что тюркские заимствованные слова распространены не только в английском, но и в восточнославянских языках. В статье на конкретных примерах показано, что заимствованные слова претерпевают множество фонетических, грамматических и даже семантических изменений под влиянием той или иной системы и тем самым приспособляются к фонетическим, грамматическим и семантическим законам данной системы. Процесс ассимиляции настолько глубок, что уточняется, что происхождение заимствованных слов не ощущается носителями тюркских языков и может быть определено только этимологическим анализом.

Ключевые слова: процесс заимствования, тюркизмы, английский язык, языковые связи, тюркизмы в славянских языках

*N. S. Olizko¹, Sh. A. Khamitova², A. S. Adilova³, A. G. Ibrayeva⁴

¹Chelyabinsk State University
Russian Federation, Chelyabinsk;

^{2,3}Academician E. A. Buketov Karaganda University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda;

⁴North Kazakhstan University named after M. Kozybayev
Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.

Material received on 08.09.22.

**ON TURKIC WORDS FOUND IN INDO-EUROPEAN
LANGUAGES OF THE WORLD**

This article discusses the problem of loanwords found in English and other languages. Language connections are observed in the interaction of linguistic, cultural and historical factors and are considered the most important process of intercultural communication. The article says that some sound coincidences and sound exchanges that occur as a result of the passage of a language through various historical stages and between different languages lead to linguistic changes. Turkic lexical elements, which are actively used in various languages as a language mechanism, require special attention. For objective reasons, the language cannot remain in the same state, it is constantly evolving, it cannot remain out of time, in accordance with the requirements of time and application. This interweaving of languages is born in the process of communication between peoples. Thanks to the political, economic, and cultural ties that take place between the country and the country, exchange and communication between languages begins. As a result of such connections, it becomes obvious that Turkic loanwords are common not only in English, but also in the East Slavic languages. The article shows by concrete examples that borrowed words undergo many phonetic, grammatical and even semantic changes under the influence of a particular system and thereby adapt to the phonetic, grammatical and semantic laws of this system. The process of assimilation is so deep that it is clarified that the origin of borrowed words is not felt by non-native speakers of Turkic languages and can only be determined by etymological analysis.

Keywords: the process of borrowing, Turkisms, English, language connections, Turkisms in Slavic languages

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz